

## **2-тақырып. Абай шығармаларының жанрлық қырлары.**

Абайдың әлеуметтік, көңіл-күй лирикасы. Абайдың поэмалары. Нәзира дәстүрі және Абай. Абайдың қара сөздері. Арнау өлеңдері. Абай шығармаларының сатиралық қыры. Абайдың XIX ғасырдағы дәстүрлі қазақ поэзиясына өлеңнің жаңа, европалық үлгісін енгізуі. Абайдың ән өлеңдері. Шешендік толғам, афоризмдері. Абайдың әдеби мұрасын жанрлық жақтан жүйелеудің ендігі міндеттері.

М.Әуезов өзі Абайдың қоғамдық сатирасы атаған “Болыс болдым, мінеки”, “Мәз болады болысың” өлеңдерінің үлгісі ерекше дейді.

“Ақын сатираның ең бір өтімді дәлелді және өмір шындығына ерекше жақын төте жолын алады. Жалғыздығын өз аузымен тегіс түгендетіп өзіне айтқызу – Абайдың жаңадан дәл басып тапқан шебер әдісі” (9).

“Өзінен бұрын ешкім таппаған қиын ұйқасты шебер түрге Абай әдейі арнап ән де шығарды”.

“Шығармашылық еңбегінің қайсысына болса да ерекше ықылас, ұқыптылықпен қарайтын ақын, бұл өлеңге бұрын айтпаған, таппаған жаңа түр береді. Сол жаңа түрі оқушыға тосаңдық етеді деген оймен ұғымдырақ, қонымдырақ ету үшін әдемі ән де шығарып таратады”.

Осы тұста М.Әуезов пікірі қаншалықты беделді бола тұра, Абайдың ән өлеңдеріне байланысты бір ой туатын сияқты. Мүмкін үлгі сол әннің өзімен келеді?

Абайдың ән өлеңдері жайын әріге үніле қарастырып қозғайтын Тәкен Әлімқұлов Абай өлеңіндегі түр ерекшелік, жаңалықтың бір түрі – ән өлең екенін анықтап, ажыратып айтады.

Абай әнді көбіне өлеңнің уағыздаушысы есебінде шығарып отырған сияқты деп қисындайды.